

М.Т. Тугелова *¹

¹«Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының доторанты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
e-mail: maira.tugelova82@gmail.com

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ АРНАЙЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕР (1917-1941)

Аңдатпа

Мақалада 1917-1941 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірінде арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасу үдерісінің тарихи және әдістемелік аспектілері жан-жақты талданады. Зерттеудің мақсаты кеңестік кезеңдегі өңірлік кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің дамуын, кадр даярлау жүйесінің ұйымдастырылуын және оқыту мазмұны мен әдістемесінің эволюциясын анықтау. Зерттеу барысында отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектері мен мерзімді басылым материалдары пайдаланылды. Бұл мәліметтер негізінде фабрика-зауыт училищелерінің, ауыл шаруашылық мектептерінің, техникумдар мен қысқа мерзімді курстардың ашылуы, өндірістік оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі, аймақ экономика-сының қажеттіліктерімен өзара байланысы көрсетіледі. Алынған мәліметтер негізінде фабрика-зауыт училищелерінің, ауыл шаруашылық мектептерінің, техникумдар мен қысқа мерзімді курстардың ашылу динамикасы, өндірістік оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі және олардың аймақ экономикасының қажеттіліктерімен өзара байланысы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері Оңтүстік Қазақстандағы арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің әлеуметтік-экономикалық даму мен ұлттық кадрлар қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда негіздейді, сондай-ақ аймақтық білім беру тарихын жүйелеуге және қазіргі білім беру саясатын жетілдіруге теориялық негіз бола алады. Мақалада тарихи-салыстырмалы, жүйелік талдау, деректанулық және хронологиялық әдістер кешенді түрде қолданылды.

Кілт сөздер: Оңтүстік Қазақстан өңірі, кәсіби білім беру, фабрика-зауыт училищелері, арнайы білім, маман, педагог, ұлттық кадр, реформа, оқу орындары.

М.Т. Тугелова *¹

¹Докторант кафедрасы «Всемирной истории и религиоведения Южно-Казахстанского педагогического университета имени У. Жанибекова, Республика Казахстан, г. Шымкент.
e-mail: maira.tugelova82@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКИЕ И МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ (1917-1941)

Аннотация

В статье всесторонне анализируются исторические и методологические аспекты формиро-вания системы специального и профессионального образования в Южно-Казахстанском регионе в период 1917-1941 гг. Целью исследования является выявление особенностей развития региональной системы профессионально-технического образования

в советский период, организации подготовки кадров, а также эволюции содержания и методики обучения. В ходе исследования использованы труды отечественных и российских ученых, а также материалы периодической печати. На основе полученных данных раскрываются динамика открытия фабрично-заводских училищ, сельскохозяйственных школ, техникумов и краткосрочных курсов, опыт организации производственного обучения и их взаимосвязь с потребностями региональной экономики. Результаты исследования научно обосновывают роль системы специального и профессионального образования Южного Казахстана в социально-экономическом развитии региона и формировании национальных кадров, а также создают теоретическую основу для систематизации истории регионального образования и совершенствования современной образовательной политики. В статье комплексно применены историко-сравнительный, системный, источниковедческий и хронологический методы.

Ключевые слова: Южно-Казахстанский регион, профессиональное образование, фабрично-заводские училища, специальное образование, специалист, педагог, национальные кадры, реформа, учебные заведения.

M. Tugelova *¹

¹*Doctoral student of Departement of «World History and Religious Studies», South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Kazakhstan, Shymkent
e-mail: maira.tugelova82@gmail.com*

HISTORICAL AND METHODOLOGICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF THE SYSTEM OF SPECIAL AND VOCATIONAL EDUCATION IN THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION (1917-1941)

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the historical and methodological aspects of the formation of the system of special and vocational education in the South Kazakhstan region during the period of 1917-1941. The purpose of the study is to identify the development features of the regional vocational and technical education system in the Soviet period, the organization of personnel training, as well as the evolution of the content and teaching methods. The research is based on the works of Kazakhstani and Russian scholars and materials from periodical publications. Based on the collected data, the article examines the dynamics of establishing factory training schools, agricultural schools, technical colleges, and short-term courses, the experience of organizing industrial training, and their correlation with the needs of the regional economy. The findings scientifically substantiate the role of the system of special and vocational education in South Kazakhstan in the socio-economic development of the region and the formation of national personnel, and also provide a theoretical basis for systematizing the history of regional education and improving modern educational policy. The study employs a комплекс approach using historical-comparative, systemic, source-based, and chronological methods.

Keywords: South Kazakhstan region, education, profession, vocational education, educator, personnel policy, reform, educational institutions.

Кіріспе. Білім беру – қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қызмет ететін маңызды әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту, оның тарихи тәжірибесін зерделеу және ұлттық білім беру моделінің қалыптасу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда негіздеу қазіргі кезеңдегі маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасу тарихын зерттеу білім беру саласының даму заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан өңірі тарихын Отан тарихының құрамды бөлігі ретінде қарастырудың методологиялық маңызы зор. Ресей отаршылығы кезінде қазақ жерінен барынша оқшауланған Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болған оңтүстік өңірлердің саяси-әлеуметтік дамуында біршама ерекшеліктер қалыптасты. Осы ерекшеліктердің арасында отарлық биліктің өлкеде жүргізген білім саясатына қатысты әрекеттер назар аударуды қажет етеді. Өлкедегі білім жүйесінің ерекшелігі жергілікті тұрғындардың көпэтностығынан және дәстүрлі білім жүйесіндегі діни ықпалдың күштілігінен туындады [1, 291-б.]. Қазақстандағы ағартушылық тарихында орын алған осы ерекшеліктерді ғылыми тұрғыда жіктеп, жүйелеу тақырыпқа қатысты қалыптасқан тарихи танымды жаңалайтын маңызға ие деп есептейміз. Өйткені, кеңестік тарихнамада партиялық-идеологиялық тиым салулардың ықпалымен жасалған тұжырымдар бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің идеологиясына және заманауи теориялық-методологиялық ұстанымдарға жауап бере алмайды.

Тақырыптың танымдық және теориялық тұрғыда өзектілігінің келесі қыры – ұлттық педагогика тарихының мазмұнын жаңалауға қатысты. Осындай мақсат қойған зерттеу тақырыбы ұлттық педагогика және ағартушылық тарихы мазмұнын жаңалауда барынша өзекті болып саналады және тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасына сай мемлекеттік бағдарламамен ұштасады.

Қазақстанда білім беру жүйесінің қалыптасуы 1920-жылдары басталды, сол кезде билікке келген большевиктер партиясы социалистік қоғам құрудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде мәдени революция саясатын жүзеге асыруды белгіледі. Бұл саясаттың негізгі құрамдас бөлігі – барлық деңгейдегі кеңестік білім беру жүйесін құру болды. Әрине, бұл Қазақстанға да қатысты, өйткені ол большевиктер құрған Кеңестік республика құрамына енді. 1917-1941 жылдар Қазақстанда да, жалпы Кеңес мемлекетінде де халықтық білім беру жүйесінің дамуы үшін шешуші кезең болды.

1917-1941 жылдар аралығы Қазақстан тарихындағы әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени трансформациялармен ерекшеленетін күрделі кезең болып саналады. Бұл уақытта кеңестік биліктің орнауы, индустрияландыру үдерісі, халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту міндеттері кәсіби және арнайы білім беру жүйесін жедел қалыптастыруды талап етті. Аталған кезеңде өңірде фабрика-зауыт училищелері, техникумдар, кәсіптік курстар мен арнайы білім беру мекемелері ашылып, жұмысшы және орта буын мамандарын даярлау ісі жолға қойылды.

Оңтүстік Қазақстан өңірінің экономикалық, әлеуметтік және демографиялық ерекшеліктері кәсіби білім беру жүйесінің өзіндік моделінің қалыптасуына ықпал етті. Алайда өңірлік деңгейде арнайы және кәсіби білім берудің даму тарихы, оның ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері мен әдістемелік мазмұны бүгінгі күнге дейін толыққанды әрі жүйелі түрде зерттелмеген. Бұл жағдай тақырыптың ғылыми өзектілігін арттыра түседі. Сонымен қатар, кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуындағы тарихи тәжірибені саралау қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жетілдіруге, еңбек нарығы талаптарына бейімделген кадр даярлау мәселелерін тиімді шешуге әдістемелік негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері аймақтық білім беру саясатын дамытуда, оқу бағдарламаларын жетілдіруде және тарихи-педагогикалық зерттеулер аясын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі 1917-1941 жылдардағы арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуының тарихи және әдістемелік аспектілерін кешенді зерттеу отандық педагогика ғылымы мен білім беру тарихы үшін өзекті әрі ғылыми маңызы жоғары мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Қазақстанда жұмысшы кадрларын қалыптастыру үдерісі әрдайым мемлекеттің, қоғамның, экономиканың, білім мен мәдениеттің дамуындағы маңызды кезеңдермен тығыз байланыста жүзеге асты. Кәсіптік білім берудің кеңестік кезеңіне қатысты мәліметтер сақталған құжаттық дереккөздер Қазақстан Республикасының архив қорларында, диссертациялық зерттеулерде, педагог-ғалымдар мен тарихшылар жазған ғылыми еңбектерде жинақталған. Аталған деректер кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасу

эволюциясын айқын-дауға, оның әлеуметтік-экономикалық даму үдерістерімен өзара сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Мақаланы жазу барысында әдістемелік және ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасу үрдісін, оның хронологиялық дамуын, кезеңдік ерекшеліктерін және тарихи контекстін жан-жақты талдауда тарихи әдіс тиімді қолданылды. Ал тарихи кезеңдердегі білім беру жүйелерін салыстыру арқылы олардың ерекшеліктерін анықтауға және жүйелік айырмашылықтарды көрсетуде салыстырмалы әдіс қолданылды. Сонымен қатар, әдістемелік талдау әдісі оқыту әдістерін, педагогикалық тәжірибелерді, оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық әдістемелік шешімдерді зерделеп, кәсіби және арнайы білім беру саласындағы әдістемелік жаңалықтарды анықтап, олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы мәселесі отандық және ресейлік тарихнамада жүйелі түрде зерттелген. Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісінің тарихын кешенді түрде алғаш зерттеген іргелі еңбектердің бірі – К.Е. Бендриковтың монографиясы [2]. Автор патшалық Ресей мен алғашқы кеңестік кезеңдегі мектеп жүйесінің қалыптасуын, кәсіптік мектептердің ашылу үдерісін, жергілікті халықты біліммен қамту саясатын нақты статистикалық және архивтік деректер арқылы талдайды. Бұл еңбек 1917 жылдан кейінгі кәсіби және арнаулы білім берудің институционалдық негіздерінің қалыптасуын түсіндіруде маңызды методологиялық база болып табылады.

Қазақстандағы кәсіби білім беру жүйесінің даму эволюциясы К.К. Борибеков, А.К. Кусаинов, Н.А. Шамельханова авторлығымен жарық көрген «Профессиональное образование Казахстана: опыт и перспективы» атты еңбекте жан-жақты қарастырылады [3]. Зерттеуде кәсіби білім берудің тарихи кезеңдері, материалдық-техникалық базаның қалыптасуы, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері жүйеленген. Бұл еңбек кәсіби білімнің кеңестік модельге бейімделу ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстадағы мектеп пен педагогикалық ойдың тарихын зерттеуде Г.М. Храпченков пен В.Г. Храпченковтың «История школы и педагогической мысли Казахстана» еңбегі маңызды орын алады [4]. Авторлар ағарту ісінің идеологиялық трансформациясын, білім беру мазмұны-ның өзгерісін және педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін тарихи сабақтастық тұрғысынан талдайды. Бұл зерттеу арнайы және кәсіптік білімнің жалпы білім беру жүйесімен өзара байланысын айқындауға негіз болады.

Орталық Азиядағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің білім беру жүйесіне ықпалын М. Буттиноның еңбегі ашады [5]. Автор революциядан кейінгі әлеуметтік трансформациялар, жаңа басқару институттарының қалыптасуы және мәдени-ағартушылық саясаттың аймақтық ерекшеліктерін талдайды. Ал «Центральная Азия в составе Российской империи» ұжымдық монографиясында отарлық әкімшілік жүйенің білім саласындағы реформалары, миссионерлік және зайырлы мектептердің қызметі қарастырылған [6].

1930-1980 жылдары жарық көрген жинақтар мен шолу еңбектерінде Қазақстандағы мәдени-ағарту саясатының жүзеге асырылуы, кәсіби-техникалық оқу орындарының ашылуы, еңбек резервтері жүйесінің қалыптасуы сипатталды. Аталған құжаттар мен материалдар жинағында республика аумағындағы кәсіби мектептер желісінің кеңеюі, кадр даярлау көрсеткіштері, өндірістік оқытуды ұйымдастыру мәселелері ресми статистикалық деректер негізінде берілген [7].

Мұрағат құжаттарының ғылыми айналымға енгізуге бағытталған іргелі басылымдардың бірі – «История образования в Казахстане в архивных источниках (20-30 годы XX века)» құжаттар жинағы [8]. Аталған еңбекте халық ағарту комиссариатының материалдары, кәсіби-техникалық мектептерді ұйымдастыру жөніндегі қаулылар, оқу жоспарлары мен есептік мәліметтер жарияланған.

Аймақтық тарихнамада М. Жолсейтованың «Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы» атты монографиясы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы ағарту үдерістерін нақты өңірлік деректер арқылы сипаттайды [9]. Автор

ұлттық кадрларды даярлау, мектеп желісінің кеңеюі, оқу бағдарламаларының мазмұны сияқты мәселелерді талдай отырып, кәсіби білімнің алғышарттарын көрсетеді. Сонымен қатар,

А. Хакан, Л. Рсымбетова, Р. Хазретәліқызының Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі отарлық білім беру жүйесіне арналған мақаласында аймақтық білім беру құрылымының қалыптасуы, оқу орындарының типологиясы мен әлеуметтік қызметі нақты деректер негізінде зерделенеді. Бұл еңбек өңірлік ерекшеліктерді анықтауда аса маңызды [1]. Сонымен қатар, өңірлік тарихи деректерді қолдана отырып, білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктерді талдауда ХХ ғасырдың 20-40-жылдардағы білім беру реформалары, мектеп желісінің құрылымы, педагог кадрлардың дайындығы, оқыту әдістері мен білім беру сапасы мәселе-леріне назар аударылған зерттеулер қатарында Әулиеата өңірі бойынша Д.Д. Байдалиевтің [10], Қарқаралы өңірі бойынша Л.К. Шотбакова [11] және т.б. авторлардың еңбектері Кеңес дәуірінің басында білім беру саясатының тарихи трансформациясын зерттеу үшін маңызды.

Жалпы алғанда, аталған еңбектерде Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы мәселесі тікелей кешенді түрде арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған мақала тарихи деректер мен отандық тарихнаманы кешенді талдау арқылы осы олқылықтың орнын толықтыруды мақсат етеді.

1917-1941 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірінде арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын тарихи-әлеуметтік жағдайлармен сабақтастықта талдау, оның ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік негіздерін айқындау, сондай-ақ өңірлік кәсіби білім беру тәжірибесінің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысы төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді:

– Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің Оңтүстік Қазақстандағы кәсіби және арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуына ықпалын анықтау;

– 1920-1930 жылдары өңірде ашылған кәсіптік-техникалық мектептер, техникумдар мен курстардың құрылу алғышарттарын және қызмет бағыттарын талдау;

– Арнайы және кәсіби білім беру мекемелерінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнын, олардың өндіріс пен ауыл шаруашылығы сұраныстарымен байланысын көрсету;

– Кәсіби білім беру саласындағы кадр даярлау мәселесін, педагог кадрлардың қалыптасуы мен әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейін айқындау;

– 1930-жылдардың екінші жартысы мен 1941 жылға дейінгі кезеңде кәсіби білім беру жүйесінің институционалдық нығаю ерекшеліктерін зерделеу;

– Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі кәсіби білім беру тәжірибесінің жалпыодақтық білім беру саясаты аясындағы орны мен ерекшеліктерін анықтау;

– Зерттеліп отырған кезеңдегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің тарихи маңызын қазіргі кәсіби білім беру үдерісі тұрғысынан бағалау.

Нәтижелер мен талқылау. Белгілі бір өлкедегі, аумақтағы оқу-ағарту жүйесінің, білім мен ғылымды дамытудағы тарихын, өткен жолын білу педагогикалық мәселе ретінде әрқайсымызды да қызықтырады анық. Бұл тұрғыда еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін-ақ белгілі бір өлкенің өткенін жан-жақты тану, зерттеп, зерделеу мәселесі күн тәртібіне қойылғанын аңғарамыз [8, 8-б.].

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан қоғамы терең әлеуметтік-экономикалық және саяси трансформация кезеңін бастан өткерді. Кеңестік биліктің орнауы, жоспарлы экономия-каның енгізілуі, индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаты ұлттық шаруашылық құрылымын түбегейлі өзгертті. Осы үдерістер өндірістік салада, ауыл шаруашылығында, көлік және инфрақұрылым жүйесінде білікті мамандарға деген сұранысты күрт арттырды. Сондықтан арнайы және кәсіби білім беру жүйесін қалыптастыру кеңестік мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің біріне айналды.

Патшалық Ресей кезеңінде Қазақстан аумағында кәсіби білім беру мекемелерінің саны шектеулі болды, ал жергілікті халықтың техникалық және кәсіптік даярлығы төмен деңгейде

қалды. Кеңес өкіметі сауатсыздықты жою, жұмысшы табын қалыптастыру және ұлттық кадрларды даярлау саясатын жүргізе отырып, кәсіби-техникалық білім беру желісін кеңейтуді мақсат етті. Еліміздің әртүрлі өңірлерінде (Верный, Семей, Зайсан, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен, Ақмола, Орал, Түркістан т.б.) кеңестік билікке дейінгі кезеңде көптеген ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын мекемелер ашылды. Бұл мектептердің барлығына ортақ ерекшелік – оқушыларға кәсіби-техникалық білім, білік және дағдылардың белгілі бір көлемін беруі болды. Мәселен, ауыл шаруашылық мектептерінде балалар екі сыныптық училище деңгейінде жалпы білімдік даярлық алып, сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласы бойынша кәсіби біліммен қаруланды. Халық шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты оқытуда мал шаруашылығы мен егіншілік сияқты арнайы пәндерге басымдық берілді. Бұдан бөлек, оқушылар ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу және құрастыру жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде ұсталық-слесарлық және ағаш ұсталығы-көрікшілік істері бойынша практикалық машықтар мен дағдыларды меңгерді.

1901-1917 жылдар аралығында Қазақстан аумағында жаңа ауыл шаруашылық мектептері ашылған жоқ. Патша әкімшілігі ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіби білім беруді дамыту қажеттігін тек сөз жүзінде қолдап, іс жүзінде жаңа оқу орындарын ашуға түрлі кедергілер келтірді.

Қолөнерші шәкірттерге арналған мектептерге бастауыш халық мектебін аяқтаған тұлғалар қабылданды. Қолөнер ісі халықтық білім беру жүйесіне училищелер жанынан арнайы сыныптар ашу арқылы енгізілді, бұл кәсіби даярлық жүйесін қалыптастырудың алғашқы қадамдары ретінде қарастыруға болады. Осылайша, кеңестікке дейінгі Қазақстанда арнайы кәсіби-техникалық оқу орындарына қолөнер училищелері мен қолөнерші шәкірттер мектеп-тері жатқызылды. Олардың құрылуы капиталистік өндірістік қатынастардың дамуымен, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының пайда болуымен және жұмысшы табының қалыптасуымен тікелей байланысты болды [3, 24-б.].

Архив деректеріне сәйкес, 1915 жылы Қазақстан аумағында 302 оқушы білім алған 7 кәсіби-техникалық оқу орны жұмыс істеді. 1917 жылға қарай жалпы білім беретін мектептер жанынан шамамен 32 қолөнер бөлімшесі қызмет атқарды. Бұл оқу ұйымдары оқушыларды қажетті жалпы білімдік дайындықпен толық қамтамасыз ете алмады, соның салдарынан олардың түлектерінің кәсіби даярлық деңгейі төмен болды. Педагогикалық оқу орындары бұл мектептердің білікті оқытушы кадрларға деген сұранысын қанағаттандыра алмады. Соған қарамастан, қолданыста болған кәсіби-техникалық оқу орындары жанындағы қолөнер бөлімшелері кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің бастауында тұрды. Олар кәсіби-техникалық білім берудің дамуына негіз қалап, олардың дәстүрлері мен тәжірибесі кейінгі педагогтар мен кәсіби-техникалық мектепті ұйымдастырушылар тарапынан табысты жалғастырылды және жетілдірілді.

1920-1930 жылдары Қазақстанда фабрика-зауыт училищелері (ФЗУ – Т.М.), ауыл шаруашылық мектептері, техникумдар мен қысқа мерзімді курстар ашыла бастады. Олардың басты мақсаты – өнеркәсіп, кен өндіру, теміржол, энергетика, құрылыс және аграрлық сектор үшін орта буын мамандарын жедел даярлау болды.

Оқытуды өндірістік еңбекпен байланыстыруда жастардың кәсіби машықтары мен білімдерін жүйелі әрі кезең-кезеңімен меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жасалды. Өндірістік оқыту мектеп шеберханаларында басталып, өнеркәсіп кәсіпорындарының цехтарында аяқталды. Сабақтарды білікті инструкторлар жүргізді. Жалпы жұмысшы жастардың білім деңгейі төмен болғандықтан, ФЗУ мектептері алғашқы жылдары 2-3 сыныптық бастауыш мектепті бітірген жасөспірімдермен толтырылды. Сондықтан оқу жоспарларында көп уақыт жалпы білім беретін пәндерді оқытуға бөлінді. Білікті жұмысшы даярлауды жақсарту мақсатында 1921 жылғы ақпан айында Қазақ (Қырғыз) АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі республикадағы кәсіби-техникалық білім беру бөлімін қайта ұйымдастырды. Жаңа құрылған Кәсіптік білім берудің бас басқармасы (Главпрофобр) кәсіби жұмысшылар даярлауды ұйымдастыруға және осы уақытқа дейін кәсіподақтар, әртүрлі ведомстволар мен ұйымдар

арқылы жүргізілген барлық кәсіби білім беруді басқаруға жауапты мекеме болды [12, 85-б.]. Сол жылдары Қазақстандағы кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің ұйымдық формалары мен кадр даярлау профилі республика экономикасының даму ерекшеліктерімен тығыз байланысты өзге спецификалық сипатқа ие болды.

1922-1923 оқу жылында жаңа ФЗУ мектептерін ұйымдастыру шаралары қабылданғанымен, желі әлсіз дамыды: 13 мектеп жұмысшы жастардың тек 10%-ын ғана оқытты. Кейбір салаларда, мысалы, былғары өндірісінде білікті кадрлар даярлау жүргізілмеді, ал кейбір мектептер педагог кадрлары мен жабдықпен толық қамтамасыз етілмеген еді. Қазақ жастарының мектептерге аз көлемде тартылуы ұлттық жұмысшы кадрларын қалыптастыруды тежеді. Дегенмен, ФЗУ мектептері мен кәсіби-техникалық курстар арқылы жұмысшы кадрларының қатары өсе бастады. 1925 жылы республикада өнеркәсіп пен көлікте шамамен 80 мың жұмысшы болды, олардың көбі ауыл жастары және кәсіби-техникалық мектептер мен курстар арқылы даярланған еді. Елдегі социалистік индустриализация бағыты білікті жұмысшы кадрларын кеңінен даярлауды басты міндетке айналдырды. Қазақстандағы индустриализацияның ерекшелігі – республика экономикалық жағынан артта қалып, бай табиғи ресурстар баяу игеріліп, ауыр өнеркәсіп қажетті деңгейде дамымады.

Ұлттық жұмысшы кадрларын қалыптастыруда кәсіби-техникалық оқу орындары маңызды рөл атқаруы тиіс болды. Республика индустриализациясының алғашқы жылдарында ФЗУ және сол типті мектептердің желісі біршама кеңейді. 1927 жылы мұндай мектептердің саны 21-ге жетіп, 810 оқушы білім алды. Сондай-ақ 168 оқушымен ұзақ мерзімді кәсіби-техникалық курс-тар жұмыс істеді, олар білікті жұмысшыларды даярлау профилі бойынша ФЗУ мектептеріне жақын болды.

ФЗУ мектептері Қарсақпай мыс балқыту зауыты, Риддер қорғасын зауыты, Қарғалы мат фабрикасы, «Эмбанефти» мұнай кәсіпорындары, Петропавл құйма-шойын және былғары зауыттары, Семей былғары зауыты, Шымкент химфармзаводы және республикадағы басқа кәсіпорындарда құрылды. Мектептерде дәнекерлеуші, металл токарлары, шеберлер, ағаш ұсталары, бұрғылаушылар, флотацияшылар, жарылғыштар, тоннель өтушілер және басқа да кәсіби білікті жұмысшылар даярланды. Бұл кәсіби-техникалық білімнің барлық формалары ұлттық білікті жұмысшы кадрларын даярлауды едәуір арттыруға септігін тигізді. 1925-1926 жылдары кәсіби-техникалық оқу орындарында оқитын қазақ жастарының үлесі 35% болса, 1926-1927 жж. – 43%, 1927-1928 жж. – 58% болды. Қазақ жастарының кәсіби-техникалық білім-мен қамтылуы олардың мәдени-техникалық дамуына оң әсер етті.

Қазақстандағы жұмысшы кадрларын қалыптастыру ерекшелігі – ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарын салу және жаңа өнеркәсіп салаларын ұйымдастыру сирек қоныстанған, көшпелі өмірден отырықшылыққа өтуші аймақтарда жүргізілді.

1930 жылдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кадрларын даярлауда «Еңбек резервтері» мемлекеттік жүйесі құрылды. Ол қолөнер училищелері мен ФЗУ мектептерінің желісін қамтып, оқытудың бірыңғай мерзімдерін белгіледі. Жасөспірімдердің барлық санаты осы оқу орындарына шақырылды. Нәтижесінде кәсіби-техникалық мектептер мен курстар желісін кеңейту, білікті жұмысшылар мен халыққа қажетті мамандықтар бойынша жұмысшыларды даярлау іс-шаралары жүзеге асырылды. Сол кезде қазақ жастарын даярлауға ерекше көңіл бөлінді: мектептерде қазақ оқушыларының үлесі кемінде 75%, курстарда – 80% болу керек деп белгіленді. ФЗУ мектептеріне түсуге қажетті білім деңгейі жоқ қазақ және басқа жергілікті ұлт өкілдері үшін арнайы даярлық курстары ұйымдастырылды.

Республикада кәсіби-техникалық оқу орындарының рөлі артты. 1930 жылдың соңына қарай Қазақстанда ФЗУ мектептерінің саны 16-ға жетіп, онда 1 100 оқушы білім алды, ал 1932 жылдың соңына қарай 54 мектепте 9 067 адам оқыды. Ауыр өнеркәсіп саласында ФЗУ мектептерінің саны 1930 жылы 8-ден 1934 жылы 15-ке өсті. Арнайы назар көмір, мұнай, металлургия және тау-кен өнеркәсібі үшін білікті жұмысшылар даярлауға аударылды.

Қазақстандағы жаңа көмірлік база құрылысы барысында Қарағандыда әртүрлі кәсіби-техникалық оқу орындары ашылды: 320 оқушыға арналған тау-кен училищесі, 3 856 оқушы

оқитын тау-кен оқу-өндірістік комбинаты, олардың ішінде 2818 қазақ болды. Кәсіби-техникалық білім беру жүйесінде қазақ оқушыларының үлесі жоғары болды.

Республикадағы өндірісте қазақ халқының мыңдаған адамын қысқа мерзімде өнеркәсіптік еңбекке баулу үшін жұмысшыларды өндірісте оқыту маңызды рөл атқарды. Ірі мысал ретінде Түркістан-Сібір темір жолын салуды айтуға болады, онда шамамен 40 мың адам жұмыс істеді, олардың басым көпшілігі ауылдардан келген қазақтар болды. Осы кадрларды даярлау үшін аға жұмысшылар, кондукторлар және түрлі техникалық мамандар даярлайтын кең желі курстары ұйымдастырылды, Семей және Алматы қалаларында екі құрылыс мектебі ашылды. Осылайша, кәсіби-техникалық білім беру жүйесі мен жұмысшыларды даярлау іс-шаралары Қазақстанда жұмысшы тобын қалыптастыруда ірі ұйымдастырушылық факторға айналды.

1933 жылғы қыркүйекте ФЗУ мектептері туралы арнайы қаулы қабылданып, олардың жұмысын елдегі индустриализация қарқынына сәйкес қайта құру қажеттігін таныды. Бұл мектептерді жетілдірілген кәсіби оқу орындарына айналдырып, жеті жылдық білім алған жастардан білікті жұмысшылар даярланды. Дайындау мерзімі 6 айдан 1 жылға дейін қысқартылды. Оқу уақыттарының 80%-ы өндірістік оқытуға, тек 20%-ы кәсіби пәндердің теориясына берілді. Негізгі назар кәсіби дағдыларды меңгеруге аударылды. Барлық жалпы білім беру, техникалық және саяси дайындық сабақтан тыс жұмыстарға көшірілді. Жастар өздерінің біліктілігін өндірісте жетілдіруі тиіс болды. ФЗУ бітірген жас жұмысшылар өз мамандығы бойынша кемінде үш жыл өндірісте жұмыс істеуі міндеттелді. 1933 жылдың соңына қарай Қазақстандағы ФЗУ мектептерінің саны 94-ке жетіп, онда 17 270 жас оқыды, олардың 35%-ын қазақтар құрады.

Екінші бесжылдық (1933-1937) кезеңінде Қазақстан түсті металлургия аймағына, шығыста қуатты көмір базасына, ірі мұнай өндіру аймағына айналды. Энергетика және химия өнеркәсібі қарқынды дамыды, темірқазық металлургия негіздері қаланды. Бұрынғы көшпелі шаруашылыққа негізделген ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру аяқталды.

1941 жылдың күзінде және 1942 жылдың жазында елдің батыс аймақтарындағы көптеген ремесленниче училищелері, теміржол училищелері және ФЗУ мектептері шығысқа эвакуацияланды. Қазақ КСР-ге 13 қолөнер училищесі және 8 ФЗУ мектебі, барлығы 3 500 оқушымен көшірілді. Соғыс жылдары халық шаруашылығында білікті жұмысшы кадрларының қажетті-лігіне байланысты еңбек резервтері жүйесіндегі оқу орындарының желісі елеулі өзгерістерге ұшырады. Училищелер саны 1941 жылы 12-ден 1945 жылы 31-ге, ал ФЗУ мектептері 23-тен 53-ке өсті. Алайда, 1945 жылдың соңында оқу орындарының желісі 84-тен 70-ке қысқарды. Соғыс жылдары республикада жыл сайын орта есеппен 26 530 адам оқыды. Бес жыл ішінде 110 560 адам шақыруға жатса, іс жүзінде училищелер мен ФЗУ мектептеріне ерікті түрде 114 388 адам қабылданды.

Соғыстан кейінгі бесжылдықта Қазақстандағы еңбек резервтері оқу орындары негізінен халық шаруашылығының жетекші салалары – көмір, металлургия, мұнай, кеме жасау, станок жасау, химия, жеңіл өнеркәсіп, ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарын салу, теміржол және су көлігі үшін 120 мың білікті жұмысшы даярлады. Бұл республикадағы халық шаруашылығының табысты дамуына мүмкіндік берді. Өндірістің техникалық жарактандырылу деңгейіндегі сапалық өзгерістер жаңа білікті жұмысшы кадрларын даярлауды одан әрі жетілдіруді қажет етті.

Жалпы алғанда, 1917–1941 жылдар аралығындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы әлеуметтік сұраныс, мемлекеттік саясат және аймақтық ерекшеліктердің өзара ықпалдастығы негізінде жүзеге асты.

Бүгінде ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, білім мазмұнын жаңғырту және оқушылардың функционалдық құзыреттіліктерін дамыту Қазақстандағы білім беру саясатының басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, мектепте Қазақстан тарихы пәнінде оқушыларға тарихи үдерістерді тек хронологиялық тұрғыдан меңгерту емес, олардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени салдарларын кешенді талдату маңызды. Әсіресе, XX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің тарихын өңірлік

деңгейде (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында) оқыту оқушылардың тарихи ойлауын тереңдетіп, білім мен қоғам дамуы арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың 20-40 жылдары халыққа білім беру жүйесі түбегейлі қайта құрылып, жаппай сауаттандыру, кәсіби кадрлар даярлау, өндірістік оқыту жүйесін енгізу мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығына айналды. Бұл үдерістер Оңтүстік Қазақстан өңірінде де айқын байқалып, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларына қажетті мамандарды даярлайтын арнайы оқу орындарының желісі қалыптасты. Аталған тәжірибені мектепте оқыту оқушылардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тарихи негіздерін ұғынуына ықпал етеді. Сонымен қатар, мектептегі Қазақстан тарихы оқулықтарында арнайы және кәсіби білім беру мәселелері көбінесе жалпылама сипатта қарастырылып, өңірлік ерекшеліктер жеткілікті деңгейде ашылмаған. Бұл оқушылардың тарихи білімін өмірлік тәжірибемен, туған өлке тарихымен байланыстыру мүмкіндігін шектейді. Өңірлік деректерді оқу үдерісіне енгізу оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, тарихи дерекпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға және сыни ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұста, оқытудың құзыреттілікке негізделген, тұлғаға бағытталған және зерттеушілік тәсілдерін кеңінен енгізудің қажеттілігі басым. Алайда, тарихи мазмұнды осындай педагогикалық техно-логиялармен кіріктірудің нақты әдістемелік үлгілері жеткіліксіз. Әсіресе, арнайы және кәсіби білім беру тарихын оқытуда қолданылатын тиімді әдістер, тапсырмалар жүйесі мен бағалау құралдары ғылыми тұрғыдан жүйеленбеген.

Қазіргі кезеңдегі ғылыми ізденістерде аймақтық білім беру тарихын микро-деңгейде зерттеу қажеттілігі артып отыр. Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуын мектепте Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың тарихи-әдістемелік негіздерін айқындау, мазмұнды іріктеу ұстанымдарын белгілеу және тиімді педагогикалық модельдерді ұсыну өзекті ғылыми-практикалық міндет болып табылады. Зерттеу нәтижелері мектептегі тарихи білім сапасын арттыруға, оқушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген дүниетанымын қалыптастыруға және өңірлік компонентті білім мазмұнына жүйелі енгізуге ықпал етеді.

Мектептегі Қазақстан тарихы оқулықтарына жүргізілген талдау барысында 2019 жылы жарық көрген Қ. Өскенбаев пен З. Қабылдиновтың авторлығымен дайындалған 9-сыныпқа арналған оқулықтар салыстырмалы талдау нысаны ретінде алынды. Оқулықтардың мазмұны мен құрылымы, тарихи материалды ұсыну тәсілдері және әдістемелік аппараты жүйелі түрде қарастырылды.

Қ.Өскенбаевтың авторлығымен жарық көрген оқулықтың §41-42-тақырыптарында «Қазақстандағы халық ағарту ісі» [13, 151-б.] мәселесі қарастырылып, біздің зерттеу нысанымыз аясында тек қысқаша сипаттама ғана беріледі. Аталған бөлімде кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы халық ағарту ісінің жалпы бағыттары, сауатсыздықты жою науқаны және мектеп жүйесінің қалыптасу үдерісі қамтылады. Ал З.Қабылдиновтың авторлығымен дайындалған оқулықтың §23-24 «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым» тақырыбында республикада мамандар даярлау ісіндегі 24 техникумның қызметі жөнінде нақты деректер беріліп, халық шаруашылығын білікті мамандармен қамтамасыз етудегі рөлі айқындалады [14, 104-б.]. Дегенмен, бұл мәліметтер жалпы республикалық деңгейде беріліп, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері жекелей талданбайды. Осы ретте Оңтүстік Қазақстан өңірі деңгейінде тарих оқулығына арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің дамуына қатысты тапсырмалар ұсынылады. Бұл ұсынылған тапсырмалар оқушылардың зерттеушілік, дерекпен жұмыс және салыстыру дағдыларын арттыруға көмектеседі.

Біз ұсынған тапсырмалар «Білім картасы», «Тарихи құжат», «Mind-map» және «БФЕ кестесі» деп аталады. Тапсырмалар блум таксономиясын негізге ала отырып, сабақтың құрылымына сәйкес әртүрлі кезеңде қолданылады. «Тарихи құжат» пен «Mind-map» тапсырмалары ақпаратты игеру кезеңінде, «Білім картасы» сабақты бекіту кезеңінде ал «БФЕ кестесі» қорытынды кезеңде тиімді жүзеге асады [15, 82-б.].

1-кесте. Тапсырмалар жүйесінің құрылымы мен түрлері

| № | Тапсырма атауы | Мақсаты | Оқулықтағы тақырып | Қолдану барысы |
|---|-----------------|--|---|--|
| 1 | «Білім картасы» | Аймақтағы оқу орындарының орналасуын және даму динамикасын анықтау | §41-42 Қазақстандағы халық ағарту ісі. Оқулық: Өскенбаев Қ. Қазақстан тарихы. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2019. 240 б. | Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі алғашқы техникумдар мен кәсіби мектептер бойынша ақпаратты толтырады. |
| 2 | «Тарихи құжат» | Тарихи деректерді талдау дағдыларын қалыптастыру | §23-24 «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым». Оқулық: Кабылдинов З. Қазақстан тарихы. 9(8)-сынып. Алматы: Атамұра, 2019. 192 б. | Мұғалім қысқартылған архив құжатының үзіндісін таратады. Оқушылар: - мәтіннен негізгі ақпаратты табады; - көтерілген мәселені анықтайды; - құжаттың аймақ дамуына ықпалын ауызша сипаттайды. |
| 4 | «БФЕ кестесі» | Рефлексия жасау және білімді бекіту. | §23-24 «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым». Оқулық: Кабылдинов З. Қазақстан тарихы. 9(8)-сынып. Алматы: Атамұра, 2019. 192 б. | Оқушылар: - сабақ басында не білетінін жазады; - сабақ соңында қандай жаңа дерек алғанын белгілейді; - өңірлік ерекшелікті тұжырымдайды. |

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру тарихын мектеп пәні аясында оқытуда зерттеу тапсырмалары оқушылардың зерттеушілік, салыстырмалы және аналитикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Жоғарыда ұсынылған тапсырмалар – «Білім картасы», «Тарихи құжат», «БФЕ кестесі» – әрқайсысы оқыту процесінде нақты мақсатты көздейді және әртүрлі когнитивтік деңгейлерге сәйкес келеді. Бұл тәсіл Қазақстан тарихы сабағында өңірлік компонентті тиімді енгізуге мүмкіндік береді, оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады, білім мазмұнын өмірлік тәжірибемен байланыстыруға ықпал етеді және тарихи процестердің қазіргі қоғам дамуына әсерін түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, тапсырмалар жүйесі оқушылардың когнитивтік деңгейіне сәйкес ұйымдастырылған және зерттеушілік бағыттағы оқыту әдістемесін жүзеге асыруда әдістемелік негіз ретінде қолдануға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, ұсынылған әдістемелік тәсіл Қазақстан тарихы сабағында өңірлік компонентті тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады, білім беру мазмұнын өмірлік тәжірибемен байланыстыруға ықпал етеді және тарихи процестердің қазіргі қоғам дамуына әсерін түсінуге жағдай жасайды. Жалпы, аталған тапсырмалар жүйесі 9-сынып оқушыларының деңгейіне сәйкес құрастырылған және оқу процесін зерттеушілік бағытта ұйымдастыруға толық сәйкес келеді. Бұл тәсіл Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру тарихын мектеп бағдарламасына енгізуде әдістемелік негіз ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу барысында 1917-1941 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірінде арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жан-жақты талданды. Қазақстандағы кәсіби-техникалық білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени факторлардың ықпалымен дамығанын анықтадық. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында индустриализация мен ұжымдастыру саясаты, еңбек ресурстарын даярлау қажеттілігі кәсіби-техникалық білім беру желісін кеңейтуге, ұлттық кадрларды дайындауға және жұмысшы құрамын қалыптастыруға негіз болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 1920-1930 жылдары фабрика-зауыт училищелері, ауыл шаруашылық мектептері, техникумдар және қысқа мерзімді курстар республиканың экономикалық және әлеуметтік сұраныстарын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары өндірістік еңбекпен тығыз байланыста болды, бұл кадрлар даярлаудың тиімділігін арттырды. ФЗУ мектептері мен кәсіби-техникалық курстар арқылы ұлттық жұмысшы кадрларының саны едәуір көбейіп, қазақ жастарының кәсіби дағдылармен қамтылуы артты.

Тарихи зерттеулер (К.Е. Бендриков, К.К. Борибеков, Г.М. Храпченков, М. Буттино және басқалар) көрсеткендей, өңірде кәсіби-техникалық білім беру желісінің дамуы тек республикалық саясатқа тәуелді болмаған, сонымен қатар жергілікті экономикалық және мәдени жағдайларға бейімделген. Мақалада ұсынылған тарихи-әдістемелік талдау білім мазмұнын жаңғырту және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту тұрғысынан практикалық маңызға ие.

Оқушылардың зерттеушілік, салыстырмалы және аналитикалық дағдыларын дамытуда «Білім картасы», «Тарихи құжат», «БФЕ кестесі» секілді тапсырмалар оқу процесінде ақпаратты игеру, жүйелеу, рефлексия жасау және қорытындылау кезеңдерінде тиімді қолданылады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі арнайы және кәсіби білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуын кешенді талдау арқылы аймақтық ерекшеліктерді нақтылау және мектептегі Қазақстан тарихы пәніне педагогикалық әдістемелік ұсыныстар енгізу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хакан А., Рсымбетова Л., Хазретәліқызы Р. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі отарлық білім беру жүйесінің тарихи аспектілері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 289-301.
2. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 годы). – М.: Изд-во Акад. Пед. Наук РСФСР, 1960. – 509 с.
3. Профессиональное образование Казахстана: опыт и перспективы / К.К. Борибеков, А.К. Кусаинов, Н.А. Шамельханова. – Алматы: Rond&A, 2011. – 240 с
4. Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана / Под общ. ред. Г.М. Храпченкова. – Алматы: Университет «Кайнар», 1998. – 168 с.
5. Буттино М. Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР / Перевод с итальянского Н. Охотина. – М.: Звенья, 2007. – 446 с.
6. Центральная Азия в составе Российской империи / отв. ред.: С.Н. Абашинов, Д.Ю. Арапов, Н.Е. Бекмаханова. – М.: Новое литературное обозрение, 2008. – 451 с.
7. История образования в Казахстане в архивных источниках (20-30 годы XX века): сб. док. / сост.: А.Т. Каипбаева, О.Х. Мухатова, С.М. Борбасов, А.М. Абиkey, К.Ә. Тулентаева, З.Б. Байжуманова. – Алматы: ИП «Мадияр», 2022. – 621 с.
8. Культурное строительство в Казахстане (1933 – июнь 1941 гг.): Сб. док. и матер. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – 283 с.
9. Жолсейтова М. Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың бас кезі): монография. – Түркістан: Тұран, 2022. – 172 б.
10. Байдалиев Д.Д. Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағалымы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 256 б.
11. Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М., Тулеуова Б.Т., Бейсенбекова Н.А. Развитие народного образования в Каркаралинском районе в 20–30-е годы XX века: успехи, проблемы, перспективы // Вестник Карагандинского университета, серия «История. Философия». – 2023. – № 3(111). – С. 129-139.

12. Захаровский Л.В. Советская модель профессионально-технического образования: актуализация опыта в современных условиях. – Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2015. – 104 с.
13. Өскембаев Қ. Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 241 б.
14. Кабульдинов З. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін). – Алматы: Атамұра, 2019. – 192 б.
15. Запасникова Е.Н. Применение игровых технологий при изучении предмета история // Вестник науки и образования. – 2017. – №12(36). Т. 1. – С. 81-83.

References:

1. Hakan A., Rymbetova L., Hazretalikyzy R. Ontystik Kazakhstan onirindegi otarlyk bilim beru zhuiesinin tarihi aspektleri [Historical aspects of the colonial education system in the South Kazakhstan region] Yasau universitetinin habarshysy. 2022. №3(125). B. 289-301. [in Kazakh]
2. Bendrikov K.E. Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane (1865-1924 gody) [Essays on the history of public education in Turkestan (1865-1924)]. M., 1960. 509 s. [in Russian]
3. Professional'noe obrazovanie Kazakhstana: opyt i perspektivy [Professional education in Kazakhstan: experience and prospects] / K.K. Boribekov, A.K. Kusainov, N.A. Shamelhanova. Almaty, 2011. 240 s. [in Russian]
4. Hrapchenkov G.M., Hrapchenkov V.G. Istoriya shkoly i pedagogicheskoy mysli Kazakhstana [The history of schools and pedagogical thought in Kazakhstan] / Pod obshch. red. G.M. Hrapchenkova. Almaty, 1998. 168 s. [in Russian]
5. Buttino M. Revolyuciya naoborot. Srednyaya Aziya mezhdu padeniem carskoi imperii i obrazovaniem SSSR [The revolution is on the contrary. Central Asia between the fall of the Tsarist Empire and the formation of the USSR] / Perevod s ital'yanskogo N. Ohotina. M., 2007. 446 s. [in Russian]
6. Central'naya Aziya v sostave Rossiiskoi imperii [Central Asia as part of the Russian Empire] / otv. red.: S.N. Abashin, D.Yu. Arapov, N.E. Bekmahanova. M., 2008. 451 s. [in Russian]
7. Istoriya obrazovaniya v Kazakhstane v arhivnykh istochnikah (20-30 gody XX veka): sb. Dok [The history of education in Kazakhstan in archival sources (20-30 years of the twentieth century) sost.: A.T. Kaipbaeva, O.H. Muhatova, S.M. Borbasov, A.M. Abikei, K.A. Tulentaeva, Z.B. Baizhumanova. Almaty, 2022. 621 s. [in Russian]
8. Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazakhstane (1933-1941 gg.) [Cultural construction in Kazakhstan (1933 – June 1941)] Alma-Ata, 1985. 283 s. [in Russian]
9. Zholseitova M. Kazakhstandagy halyk agartu isinin kalyptasuy men damu tarihy (XIX gasyrdyn II zhartysy – XX gasyrdyn bas kezi) [The history of the formation and development of public education in Kazakhstan (II half of the XIX – early XX centuries)]. Turkistan, 2022. 172 b. [in Kazakh]
10. Baidaliev D.D. Aulieata onirindegi oku-agartu zhuiesi: tarihy men tagylymy [Educational system in the aulieata region: history and lessons]. Almaty, 2024. 256 b. [in Kazakh]
11. Shotbakova L.K., Smagulova G.M., Tuleuova B.T., Beisenbekova N.A. Razvitie narodnogo obrazovaniya v Karkaralinskom raione v 20–30-e gody XX veka: uspekhi, problemy, perspektivy [The development of public education in the Karkaralinsky district in the 20-30s of the XX century: successes, problems, prospects] // Vestnik Karagandinskogo universiteta, seriya «Istoriya. Filosofiya». 2023. №3(111). S. 129-139. [in Russian]
12. Zaharovski L.V. Sovetskaya model professionalno-tekhnicheskogo obrazovaniya: aktualizaciya opyta v sovremennykh usloviyah [The Soviet model of vocational education: updating experience in modern]. Ekaterinburg, 2015. 104 s. [in Russian]
13. Oskembaev K. Kazakhstan tarihy [History of Kazakhstan. The textbook]. Almaty, 2019. 241 b. [in Kazakh]
14. Kabul'dinov Z. Kazakhstan tarihy [History of Kazakhstan. The textbook]. Almaty, 2019. 192 b. [in Kazakh]

15. Zapasnikova E.N. *Primenenie igrovyh tekhnologi pri izuchenii predmeta istoriya [The use of gaming technologies in the study of the subject of history]*, *Vestnik nauki i obrazovaniya*. 2017. №12(36). S. 81-83. [in Russian]